



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№17 (10 011)

17 сәуір

жұма

2020 жыл

aksuoniri@mail.ru

БІРЛЕСЕ БІЛГЕН ЕЛ БӘРІН ЖЕҢЕДІ

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ



Тәуелсіздік жылдары ел өмірінің ең қиын да күрделі кезеңдерінде мен кез - келген мәселені қадірменді отандастарыммен бірге бүкпесіз, ашық талқыға салып, туған халқыммен үнемі ой бөлісіп келемін. Бүгінгідей бүкіл әлем алаң күй кешіп, ұлт саулығы сынға түскен қазіргі сәтте де баршаны сабырға, байсалдылыққа шақырып, тағы да жұрттыма ақ тілеулі сөзімді арнағалы отырмын. Тұтқиылдан келген жаман індет - коронавирус дерті барша адамзатқа қауіп-қатер төндіруде. Қазірдің өзінде дүние жүзі бойынша 1,4 миллионнан астам жан осы сырқатқа шалдығып, ондаған мың адамның өмірі қиылды. Сондықтан әлем мемлекеттері қатерлі дертке бірлесе дауа іздеп, бүгінгі заманның бар күш-қуатын, ақыл-ойы мен ғылым-білімінің жетістігін ортақ мақсат жолына бірлесе жұмылдырып, ынтымақтаса әрекет етуде.

Қазақстан қауіпті дерттің алдын алуға әлем елдерінің ең алғашқыларының бірі болып кірісті. Тиісті сақтандыру шаралары жасалды. Мемлекеттік органдар арнаулы дайындықтан өткізілді. Өзге елдерде вирус қалай пайда болып, пандемия қалай өрбіп, өршігені бақыланды. Соның нәтижесінде індеттің етек алып кетуіне мүмкіндігінше жол берілмей, ахуал күн сайын тұрақты назарда ұсталып отыр. Жағдайды оңалту үшін көп жұмыс істелді, әлі де талай шаруа атқарылатын болады. Игі мақсаттағы іс-шаралардың бәрине

жер-жерлерде бүкіл халық болып қолдау көрсеткеніміз жөн. Тәуелсіздіктің ең алғашқы күндерінен бастап мен ұлы Абай атамның "Кімге достығың болса, достық достық шақырады" деген дана қағидасын басшылыққа алып, әлемнің барлық мемлекетімен арадағы келісім мен достыққа, өзара сенім мен ықпалдастыққа негізделген саясат ұстандым. Егемендіктің бастапқы жылдарында іргелес елдердің бәрімен тату қарым-қатынас орнатып, шекара мәселесін түбегейлі шешкеннен кейін түрлі деңгейдегі ынтымақтастық ұйымдарын құруға бастамашы болғанымның басты себебі де сол еді.

Еуразия экономикалық одағын, Шанхай ынтымақтастық ұйымын, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті құрып, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының тарихи саммитін, Астана экономикалық форумы мен бүкіләлемдік ЕХРО көрмесін өткізу шараларының бәрі - Қазақстан мен дүние жүзі мемлекеттері арасындағы өзара достық пен сенімге негізделген байланысты, экономикалық ынтымақтастықты нығайту үшін жасалды. Өмірдің өзі, дәл бүгінгі қалыптасқан жағдай біз ұстанған бірігу мен бірлесуге негізделген саясаттың бірден-бір дұрыс жол екендігіне көзімізді жеткізіп отыр. Жаһан жұртшылығын әбiгерге салған пандемия жаңа бүкіл әлемде экономикалық дағдарыс туғызды. Алып кәсіпорындардың жұмысы тоқтады, көлік атаулының

қозғалысы шектелді. Мұнайдың бағасы құлдырады. Ел мен ел арасындағы шекаралар жабылып, алыс-беріс тиылды. Мұның бәрі бұрын-соңды болмаған аса ауқымды рецессияға әкеліп соқтырып, жұмыссыздықты көбейтіп отыр. Біздің Отанымыз Қазақстан - қазба байлықтарға, оның ішінде мұнайға бай ел. Мен "Бізде мұнай мен газ бар екен деп, үнемі соған тәуелді болған дұрыс емес" деп талай мәрте айтқанмын. Сондықтан егемендік жылдары біз ел экономикасын әртараптандырумен болдық. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін "Қазақстан - 2050" стратегиясын жасап, "Үдемелі индустриялық-инновациялық даму" бағдарламасы аясында 1000-нан астам жаңа кәсіпорын аштық. Соның арқасында әлемдік бәсекеге қабілетті өнімдер шығарылып, елімізге жаңа технологиялар келді. Бұл еліміздің үшінші технологиялық жаңғыруына жол ашты.

Ел аумағында бұрын-соңды болмаған теміржол, автокөлік жолдары салынды. Жүйелі жүргізілген реформалар нәтижесінде ауыл шаруашылығы да айтарлықтай дамып, Қазақстан өзін ет, сүт және тағы басқа да азық-түлік өнімдерімен емінеркін қамтамасыз етіп қана қоймай, әлемдегі астық экспорттаушы алғашқы алты мемлекеттің қатарына қосылды.

Болашақ үшін, алда күтіп тұрған осындай алмағайып замандар сынағын еркін өңсеру үшін көп қаржы-қаражат салып, зор жауапкершілікпен атқарылған бұл реформалардың дұрыс болғанын өмірдің өзі дәлелдеді.

Біздің Ата заңымыздың бірінші бабында: "Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы - адам және оның өмірі", - деп нақты жазылған. Сондықтан елімізде денсаулық сақтау саласын дамытуға айрықша көңіл бөлінді. "Саламатты Қазақстан" бағдарламасын қабылдап, барлық өңірде бұрын болмаған жүздеген заманауи ауруханалар мен емханалар салдық. Елордада әлемдік деңгейдегі ең озық техникалармен жарақталған аса ірі ғылыми-медициналық орталықтар ашып, оның мамандарын әлемнің ең дамыған елдерінде тәжірибеден өткіздік және "Болашақ" бағдарламасы аясында оқыттық.

(Басы. Соңы 2-бетте).



БІЗ БІРГЕМІЗ!

Елімізде осы дерттің алдын алу үшін сақтандыру шаралары жасалуда, әлі де талай шаруа атқарылатын болады. Осы уақытта барлық қазақстандықтар Елбасы Үндеуін қолдап «Біз біргеміз» акциясы аясында қаржылай және заттай қайырымдылық көмектер көрсетуде. Ал Президент Қасым - Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың мәлімдемесіндегі барлық әлеуметтік топтарға, кәсіпкерлерге, ауыл шаруашылығы саласына көрсетілетін алуан түрлі көмек көрсету туралы тапсырмасы жүзеге асырылуда. Елбасы осы үндеуінде тағы да көмекке аса мұқтаж қарияларды, ардагерлерімізді, көпбалалы аналарды, әл - ауқаты төмендерді, жұмысқа жарамсыз жандарды ерекше қамқорлыққа алуды тапсырып, «Nur Otan» партиясының мүшелері де осы бір сауапты істің алдыңғы қатарынан табылуы тиіс екендігін баса көрсетті. Тұңғыш Президент үндеуде аға ұрпақ пен зиялы қауым өкілдеріне халықты ынтымаққа шақыруға, саламатты өмір салтын ұстануға, жас ұрпаққа жамандықтан, жат әдеттен сақтанып, игі істер жасауға ұмтылып, үлкенге - ізетті, кішіге - қамқор, бір - біріне дос болуға шақырды. Елдегі қиындықтан тек бірлесе, жұмыла күш жұмсасақ өтетіндігімізді уақыт дәлелдеді. Бұл қиындықтан да шығатынымыз анық, тек береке - бірлік керек. Біз біргеміз!

К.ДӘУЛЕТБЕКОВА,
«Nur Otan» партиясы Ақсу аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, аудандық мәслихат депутаты.

ЖІП БІРІКСЕ - АРҚАН БОЛАДЫ, СЕТІНЕСЕ - ТАЛҚАН БОЛАДЫ

Бүгін еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев елімізге келген ауыртпашылықты бірге жеңуге шақырып халыққа үндеуін жолдады. Үндеуде Нұрсұлтан Әбішұлы «Әрине, қалыптасып отырған жағдай оңай емес. Бұл - бүкіл әлем мемлекеттеріне түскен зор ауыртпашылық. Біз оны осындай сын сағатта септігін тигізетін халқымыздың төзімділігі, ерік - жігері және өзіне деген зор сенімі арқасында міндетті түрде жеңіп шығамыз. Ол үшін бізге қажетті нәрсе - қаржы - қаражат, материалдық ресурс, техника, азық - түлік - бәрі бар. Алаңдайтын, абыржытын еш негіз жоқ», - деп елді сабырлыққа шақырып, береке - бірлікке үндесе, келесі сөзінде «Әдетте жұрт көңілі алаң осындай кезде ел ішіне ұрей таратып, байбалам салушылар өз мүддесіне пайдалануға тырысады. Мен халықты әртүрлі сондай азғырынды, арзан әңгімелерге еруден сақ болуға шақырамын. Шынымен көптің қамын кездейтін адам айғайшыл күшімен емес, игілікті ісімен қызмет еткені дұрыс. Ғайбат пен байбалам орнына ғылым - біліммен шұғылданған абзал», - дейді.

Иә, ондай жағдайлар қазір көптеп кездеседі. Тіпті кейбірін көзімізбен көріп, құлағымызбен де естіп жүрміз. Біз бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері осындай арзан әңгімелердің алдын алып, елді сабырлыққа, бірлікке шақырып, Елбасының сарабал саясатын насихаттауда алдыңғы қатарда болуымыз керек. Аудандық «Ақсу өңірі» газетіндегі 12 жылдық еңбек өтілімде осы жолда, осы салада жазған мақалаларымның арқасында облыс, аудан әкімінің, «Nur Otan» партиясының облыстық аудандық марапаттарына ие болдым. Қазақстан Журналистер одағына өткенім де соның жемісі.

Әлі де ел үшін аянбай еңбек етемін деп сенім білдіремін. Елге түскен ауыртпашылықты бірге жеңейік.

Біз біргеміз!
Ербол СЫМХАНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
«Nur Otan» партиясы Ақсу аудандық филиалы жанындағы СЖҚКЖ қоғамдық кеңес мүшесі.

BIZ BIRGEMIZ!

ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАНДАРҒА МЫҢ АЛҒЫС!

Коронавирус пандемиясы менің отбасыма да қиыншылық алып келді, өзім жұмыссыз қалдым, жолдасым ауырып ауруханаға түсті, қызымда ауырып емдетуге қаржы жетпей қатты қиналдым. Елбасы Н.Назарбаевтың «Біз біргеміз» акциясы басталғандығы туралы естіп, «Nur Otan» партиясы Ақсу аудандық филиалына келіп көмек көрсетуді сұрадым. Өтінішімді жерге қалдырмады. Ауданның жастары мен кәсіпкер Нұргүл Абдырахманова жағдайымды түсініп қайырымдылық жасады. Қиналғанда қол созған Нұргүл, Бағлан апайларға, Меруерт бастаған жастарға алғысым шексіз. Қазақ «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің», - деген мақал бар. Жақсылықтарыңыз алдарыңыздан шықсын, отбасыларыңызға амандық тілеймін. «Біз біргеміз» акциясын ұйымдастырушы нұротандықтарға да рахмет!
Алғыс білдіруші А.БЕКБУЛТОВА,
Жансүгіров ауылының тұрғыны.



ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Үндеуін қолдап «Біз біргеміз» акциясы аясында жалғасуда. Осы қиыншылық кезде атымытай жомарт жандар ауылдастарына қаржылай және заттай қайырымдылық көмектер беруде. Осы жұмысқа «Қарашылық» ауыл округ әкімі, БПҰ-ның төрағасы Ы.Садуақасов, «Арасан» ауыл округ әкімі, БПҰ-ның төрайымы Р.Ғалымжанова, «Қарасу» ауыл округ әкімі, БПҰ-ның төрағасы Т.Арғынбаев, «Б.Сырттанов» ауыл округ әкімі, БПҰ-ның төрағасы Б.Ермұханбетов, Қаракөз» ауыл округ әкімі, БПҰ-ның төрағасы Д.Көпелбаев ауыл тұрғындарымен шаралар ұйымдастырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Ал, аудандық мәслихат хатшысы, аудандық мәслихат депутаттары Б.Сүлейменов, С.Бармақов, «Қаракөз» ауылынан «Жайлау» шаруа қожалығының

төрағасы Н.Имансыдықов, Қарасу ауылына «Тезекбаев» шаруа қожалығының төрағасы Т.Досаев, партия мүшелері, ауыл тұрғындары Қ.Әбдірахманов, А.Арғынбаева, А.Тұрсынхан, С.Есенбаев, І.Рысбекова, Г.Болысбаева және көмекке аса мұқтаж қарияларға, ардагерлерге, көпбалалы аналарға, әл-ауқаты төмен, жұмысқа жарамсыз жандарға қаржылай, азық-түлік және бетперделер таратты. Ауыл тұрғындарының қайырымды жандарға алғысы шексіз.

Бүгінде ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың мәлімдемесі бойынша көмекке аса мұқтаж 7 санат бойынша ауыл округтері бойынша тізім дайындалды. «Біз біргеміз» акциясы басталған уақыттан бері 128 отбасына көмек берілді. Біз біргеміз!

Ж.ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
«Nur Otan» партиясы Ақсу аудандық филиалының экспедиті.

БӨРІБАЙ КӨТЕРІЛІСІНЕ - 90 ЖЫЛ!

ЕСТІ ЖАНҒА АЙТАР СӨЗ



Жаңа өріс, жаңа жолды көрмеу – кереғарлық. Ежіреңдеп тоқтап іске тоқтамау – боқтап немесе қаныңды ұрттармен тең. Арпа жақтап, айқас жасап, пішінді неше түрлі өзгертіп, желі қиғандай, үдіре рухтың киесіне тию – кесапат. «Заң солай» деп «мараторийға (шектеуге)» қаракет қылмай, қарап отырсақ, «ұят болады, көше атауын бермесек» демекші, Матай-Садыр үлкен ел десек, істі қыспа қылмай, пыспа жасап, ұста қылған дұрыс. «Көп түкірсе - көл» дегендей, теперіш - халыққа іші жылып, бейім болмаумен пара-пар. «Еріккен іс» деп құр бекерге жылы жауып, сергелдең, созбаққа салып, салы суға кетуге тұрмас. Атабаба парқымен немесе ұлттық кодты қолдана іске кіріссек, басты қадамға басары анық.

Рас, аудан басшылары заң негізіне сүйенуде. Көптің көкейі де сол. Ниет көңілді жасырмайды. Құмайдай қоқандамай, басталған істі анықтап, қанықтаған оң. Құрған тез «шектеуге» қарсы «тоқтасын» деп, адал істі тоқтап қылуға болмас. Заң халыққа қызмет етуі тиіс. Мүддірмеден құтылу - шаруаны жедел бітіру. Текетірес, қадалғыны кетіру абзал. Халық «өңкей надан» деп ойламау үшін, аудан басшылары арсаңға салмай, зиян келтірмей,

ма? Елдің өсер ардақты ұл мен қызы сын тағып, кінә қоймай ма? Жер мен елдің сәулетіне масаты құру әлеуеттік мәселе. Жалған адам үшін, өмір үшін емес пе? Өлкенің өркенделуі суат емей немене.

Жоңғарға қарсы тұрып, сан мыңдаған елді тажалдан құтқарған, ұран болған Бөрібай есімі – болашаққа сенім ғой. Ендеше, лебінді жасамай, елдікке жүгініп, шашақ атқызып, шолпанның таңда туған шарасындай жарқыратайық. Елге нұры төгіліп, береке, бірлікке толсын. Дәулеттің қалың кені - Ақсу жері. Ақсудың - көркем елі. Елді ілгері тарту – биіктерге жетелеу. Табыс – тамылжыған шаттық. Көше беру ісіне ылайықсыз қарау - әділетсіздік.

Атағына ерекше ел сүйінген Бөрібай батыр есімімен Жансүгіров мекенінде көше атауы берілетініне - сенім зор. Ұйымдасқан қауым мен аудан басшылары көмегіне үміт мол. Бөрібай батыр ескерткіші ашылу салтанат-мерекесіне шалқыта табыспен көше атауы аталатынына қажырлы қайрат қылсын. Қуанып, мейірім таып, қанаттанайық Ауданның үлкен, кіші, жастарына өтініш: «Сіздер де қолдап, тілектестік білдірушілер» деп білемін.

Бөрібай батыр ұрпақтары атынан: Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.



1150 жыл
Әл-Фарабидің мерейтойы



175

Ұлы даланың ұлы ұстаздары



Биыл ұлы ғұлама Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл және Аристотельден кейінгі екінші ұстаз Әбу Насыр Әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толуына орай еліміздің түкпір-түкпірінде ойшылдардың шығармашылығын насихаттау мақсатында көптеген мерекелік шаралар өткізілуде. Өскелең ұрпақ Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін жатқа айтып, бірінен біріне насихаттауда.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы қазақ халқының тарихында бүкіл мәдени болмысы биікке көтеріліп, кейінгі әдебиет пен мәдениеттің дамуына кең жол ашқан кезең. Қос ғасырдың тоғысар тұсында «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп» екі жаққа үңілген ұлы Абай, халықты өркениеттің өріне алып шығар амалды тапты. Ол ғылым мен білім, өнер үйрену жолы еді. Замананың тұрпатын, ұлт тұрмысының кемшілікті тұстарын Абайдай көре білген, ұлы ақындай таныған жан кемде-кем.

Абай өзінен кейінгі ақындардың барлығына «Жарығын түсірді» десе, есіріп айтқанымыз емес. Өйткені «Абай — қазақтағы суретті, сұлу сөздің атасы, тереңге сырлы, кең мағыналы кестелі өлеңнің атасы. Қазақ өлеңіне өрнек берген, түрін көбейтіп, қалыбын молайтқан — Абай. Ол қазақтың ішінен оқушы тапқан». Ұлы Мұхтар Әуезовтің бұл ойларынан артық Абай болмысын тап басып тану қиын. Абай дәстүрін жалғастырушылар оның осы «оқушылары». Олар XX ғасыр бас кезіндегі қазақ поэзиясын өлемдік деңгейге көтерген Шөкәрім, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан сынды бір туар дарындар еді. Бұлардың бәрі өз кезегінде Абай ұлылығын тануға ұмтылып, ақындығын бағалауға тырысқан болатын. Осы орайда Абай ақындығын бағалаудағы олардың ұлы ақынға берген атаулары да әрі қызық, әрі ой саларлық. Ең жақын шөкірті Шөкәрім «Ұлы ұстаз» тұтса, Ахмет «Қазақтың бас ақыны» деп біледі, Мағжан үшін «Ақындар хакімі» болса, Сұлтанмахмұт «Ақындар пайғамбары» көреді.

Абайды зерттеп-зерделеген, ақындығына табынған осынау

«оқушылар» ұлы ақын дәстүрінің өр қырын, әр бағытын тани білген.

"Өлемнің екінші ұстазы" атанған ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби, яғни Фарабан шыққан Әбу Насыр атанған. Ғалымның туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар "Барба-Фараб" деп атап кеткен.

Тарихи деректерде Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған.

Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті. Ғалым алғашында Бұхарада, Самарқанда, одан кейін Хамадан, Бағдат, Шам, Каир, Дамаск, Александрия, Медина, Мекке қалаларында болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. "Ол Хамада қаласында араб тілін үйренді. Одан кейін 20 жылдай Бағдат қаласында тұрып, антикалық философиямен әлемдік мәдениетпен танысты. Жалпы Әл-Фараби бір жерде тұрақтамаған. Ол үнемі бір қаладан екінші қалаға саяхат жасап, білімін шырғадаған. Ғұлама ойшыл бар өмірін ғылым мен білімге арнады. Біздегі мәліметтерге сәйкес, ол 70-ке жуық тілді меңгерген" Сондай-ақ ғұлама ойшыл медицина ғылымындарын меңгеруге де бар күшін салады. Ол біраз жыл Бағдат шаһарында ғылыми ізденістермен айналысып тұрақтап қалады. Содан кейін Шам аймағына қоныс аударып, 950 жылы өмірден өткенше сол өлкеде қалады.

Әл-Фараби білімге деген құштарлығының арқасында Аристотельден кейінгі "екінші ұстаз" атанды. Ол 150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар жазып қалдырды. Абай мен Әбу Насыр әл-Фарабидің есімдерін қатар алғанда бүкіл қазақ даласы мен түркі дүниесі түгел көз алдымызға келеді. Тарих тақтасынан ойып орын алған Ұлы даланың Ұлы ұстаздарының есімдері 100 жыл өтсе де, 1000 жыл өтсе де ел есінен мәңгілікке өшпек емес. Осыған орай Қараөз ауылдық кітапханасында Ұлы ұстаздардың шығарма-ларын дәріптеу, рухани байлығымызды кеңейту мақсатында оқырмандармен «Абай жолы - ғасырлық туынды» тақырыптық сағат ақпан айында, «Ұстаздың оралуы - X ғасырға саяхат» тарихи кеш наурыз айында, «Абайды оқы - таңырқа!» өнеге сағаты қарасөздеріне сәуір айында өткізіліп, насихатталды.

Б.АБЕЕВА,
Қараөз ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

ТІЛІН БІЛМЕЙТІНДЕР ЕМЕС, ТІЛІН БІЛГІСІ КЕЛМЕЙТІНДЕР – МӨҢГҮРТ

Кейбір ұл қыздарымыздың ана тілімізді білмеуі, не шала білуі мені қатты қынжылтады. Бұған ең алдымен ата - ана кінәлі.

Б.МОМЫШҰЛЫ.



Қазіргі заманымызда ең өзекті мәселелердің басы осы - тіл. Жас өскелең ұрпағымыз «өзге тілдің бәрін біл - өз тіліңді құрметте», - деп ата - бабамыз айтып кеткен сөзге мәнде бермейтін секілді. Менің өз тілімнің - қазақ тілі болғанын мақтан етемін. Әр адамға өз тілінен артық тіл жоқ деп санаймын. Қай заманда да бабамыз «есті сөзбен ессізді тоқтатқан» делінгені. Тәуелсіздік - ұлттық қасиетті қадірлеуден басталса керек. Ал «өзіңнің ұлттық қасиетін, өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес», -

деген М.Әуезовтың керемет дана сөзі бар. Расында да, өз тілінің сұлулығын сезінбей, өзге тілдің қадірін сезіну екіталай емес пе?!

Қазақ тілі - халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан - ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл қазына деп санаймын.

Қазақ тілі - қазақ халқының ана тілі. Қазақтың біртуар ақыны М.Жұмабаев: - "Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс - тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады", - деген екен.

Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдыретті. Қазақстан - өлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстауы керек деп ойлаймын.

Арай ТҰНЫҚБЕК,
Матай ауылдық клубының меңгерушісі.

ТІЛ ТІРЕГІ ӘЛЕМНІҢ

Барша әлемдегі сансыз ұлттар мен ұлыстардың бір - бірімен ой бөлісіп тапқырлықтар жаратуда күнделікті өмірде қарым - қатынаста ауадай қажет болған бір дүние ол әрине - тіл.

Тіл арқылы кешегіміз бүгінге жетіп өшпес мұра ретінде сақталуда. Тілді қозғасаң кешегі өткенің баға жетпес байлығың тұтас тарихың бір серпілері анық. Тілсіз елде тарихта болмайды тарихи тамыры терең тартпаған ел ол болашағында бекемдей алмасы анық. Тіл арқылы кез - келген ұлт пен ұлыстың салт - дәстүрі мәдени мұралары ұлттық құндылықтары боямасыз қаз қалпында сақталады және болашаққа жалғасады.

Қарыштан дамыған жаңа ғасырда болсақтағы кешегімізді ескеріп толығымен зерттеп болашақ ұрпаққа сап алтындай сақтап бере алсақ ол біздің ұрпақ алдындағы борышымыздың ақталғаны болып саналмақ. Ендеше, ана сүтімен берілген тектілігімізді ана тілімізді ардақтай білейік ағайын!

А.ЕСЕНАМАНОВА,
Қызылағаш ауылдық мәдениет үйінің директоры.

Егіншінің дәні бітік шықсын

Биылғы жылы күннің суығына қарамастан, ауылымыздың жеке шаруа қожалықтары ерте көктемнен жер жыртып, егін егуге кірісіп жатыр. Атабабамыздан қалған кең-байтақ жерімізге бірі дән сеуіп, балашағасының қамын ойласа, бірі жердің құнарлануына үлес қосуда. Атап айтатын болсам, сәуірдің 14-де 44 жасқа келетін Түркебаев Нұрдаулет Махатайұлын мақтаншыпен айтуға болады. Себебі, жастайынан әкесінен трактор жөндеуді, қазіргі таңда қолы көп жете бермейтін шынжыр табанды ДТ-ны жүргізудің, сонымен қатар, өз бетінше жаңа технологиямен шығарылған экскаватордың да жүргізілуінің қыр-сырын жетік меңгергенімен қоса, ауылшаруашылықты дамытуға да өз үлесін қосуда.

Оның дәлелі өз отбасымыздың таңғы асынан басталатын үзік әңгіменің бірі ауылшаруашылығының дамуы. Жер жыртып, егін егу, жерге дән себугенің жеңіл жұмыс емес екендігін, айдалада, шаң астында күндіз - түні жер жыртып жүретін, үлкен еңбек ететін жастардың азайып бара жатқаны жанына бататынын айтып отырады.

Менің айтатын дегенім "сәуір болмай, тәуір болмас", - деп айтатын қазақтың нақыл сөзі дәл рас айтылған. Ауылымның тұрғындары диқаншыларымыздың аман-есен жерін сеуіп, дән егіп, сол дәннен өнім алып, болашақ ұрпаққа осы ауылшаруашылығымен айналысу жалғасын жылдан - жылға таба берсе демекші.

Айгүл КАМБЫЛОВА,
"Алтын алқа" иегері.
Кеңғарын ауылы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Директор - бас редактор
Қасымбекова
Ләззат
Қалмұхамбетқызы

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды.

Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5.
Аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2721

Директор бас редактор
- 2-11-61
Жауапты хатшы
- 2-12-90

Электрондық почта
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысы, Ақсу ауданы, Аудан әкімдігі.

Меншік иесі: «Ақсу өңірі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ - ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ!



Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толды. Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.

Абай өз балалық кезін әжесі мен анасының жанында өткізген. Абай санасына қатысты бар шуақты қасиеттер мен ақындыққа деген ұмтылыс сезімі әжесі мен анасының әсерінен сіңген. Ол қазақ қоғамының қайшылықты жақтарын, замандастарының алауыз берекесіздігін, патшаның отаршылдық саясаты қоздырып отырған рулық тартыстардың елдің бірлігіне келтірген зиянын қатты сынап отырып, халықты озық мәдениетке сүйреді. Ол халықтардың оңашаланып өмір сүретін дәурені өткенін, ендігі жерде ел болудың кепілі - дамыған көрші елдермен қарым-қатынас жасауда екенін айтты. Елді сол жол-

да бірігуге, ынтымақтастыққа шақырды. Уақыт талабын заманынан оза шауып түсіну - Абай даналығының белгісі. Ол шындықтың ақын болып туды, солай өмір сүрді. Оның өлеңдерін оқи отырып, одан жалғандық табу қиын.

Қасиетті қара сөздерден ғибрат алып қана қоймай, өмірлік нұсқау алдық. Қазақ сөзінің киесі қонған бұл қара сөздер кез келгенімізге өмірлік бағыт - бағдар, ақыл қосушы. Сондықтан да, біз Абай атаны жадымызда ұстаймыз!

Абайдың тұлғасы мен мұрасын ұлықтау, Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау, өлеңдерін, әндерін мәнерлеп айтқызу. Сөз өнерінің қыр - сырымен таныстыру. Көркем сөйлеуге, өз бетімен іздене білуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге көмектесу. Абай нағыз адам мұратын қалыптастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге ол мақсатқа жетудің шынайы жолын көрсетіп берді. Абай шығармашылығындағы сондай-ақ адам бойындағы қайырымдылық, қанағат секілді адамның қалыптасуына себепші иманды қасиеттер де талданған.

- Біз бүгін ардақты ақынымыз марқұм Абайдың рухына дұға қылып қараңғы заманда шырақ жақпаң басшымыздың есімі, құрметі, терең мағыналы асыл сөздері атадан балаға, немереден шөбереге үзілмеу сақталуын тілейміз. Бірінші ақынымыз деп қадірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халықпенен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар.

А. ТҮСТЕБАЕВА,
Көшкентал ауылдық кітапханасының кітапханашысы, «Нұр Отан» БПҰ-ның мүшесі.

Тілім деп соқсын жүрегің



«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту тарихымызды ұмыту».

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.

Қазіргі таңда елімізде мемлекеттік тіл - қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге ерекше назар аударылып отыр.

Тіл - ұлттық мәдениет, әдет - ғұрып, салт - сана мен дәстүр сабақтастығына негізделген ерекше құбылыс. Мемлекеттік тіл - татулық пен бірліктің тірегі. Мемлекеттік тілді өркендетсек

өзге ұлт адамдарымен осы тіл арқылы қарым - қатынаста боламыз. Қазақ тілін жете білу арқылы біздер өнер мен білімнің, мәдениет пен ғылымның биігіне жетіп, өз халқымыздың өткен - кеткенін зерделеп, оны әлемге таныта алмаймыз. Өз тілімізді құрметтеу арқылы басқа тілді де үйреніп, мәдениетін қадірлейміз.

«Тілім менің тірлігімнің айғағы», - деген Ахмет Байтұрсынұлының қанатты сөзі әрбір қазақ баласына жігер беріп қанаттандырады. Осы орайда Б.Сырттанов ауылдық кітапханасында «Тілім деп соқсын жүрегің» атты тақырыпты сағат ұйымдастырылды. Оқушылар тіл туралы өлеңдер, нақыл сөздер оқыды. Мақсаты - тіл туралы түсінік бере отырып тіл көркемдігін, байлығын, шешендігін көрсететін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер арқылы оқырмандардың ой - ерісін дамыту. «Қазақ тілі - рухани байлығымыздың қайнар бұлағы», - деп бекер айтылмаған. Ол үшін ана тіліміздің қадір - қасиетін езіміз білуіміз, дәріптеуіміз, насихаттауымыз керек. Ендеше, ана тілімізді ұмытпай ұрпақтан - ұрпаққа жеткізу сіздер мен біздердің міндетіміз. Сондықтан тілімізді қастерлеп, биік тұғырынан түсірмейік.

Назира АУБАКИРОВА,
Сырттанов ауылдық кітапханасының кітапханашысы, «Nur Otan» партиясының мүшесі.

Тіл - ұлтымыздың жаны

«Ана тілі - халықтың өткен ұрпағын, қазіргі және келешек ұрпағын тарихи бір тұтастық, мызғымас бірлік, ажырамас туыстық, жағдайда мәңгілік біріктіретін сенімді құрал. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз, халық рухының сарқылмас бастауы да сонда жатыр. Ел-жұртымызды, туған жерімізді оның өзен-көлдерін, оның бораны мен нажағайын ана тіліміз арқылы ғана қабылдап, соларға деген перзенттік махаббатымызды ана тіліміз арқылы жеткіземіз», - деп педагог К.Д. Ушинский айтқандай, тіліміз еліміздің тірегі мен жүрегі. Қазақ халқы ұлт болып қалыптасқалы бері, қазақ тілі өмір сүріп келеді. Тілдің иесі - кешегі қазақ, бүгінгі қазақ және болашақтағы қазақ. Тілдің ғұмыры уақыт тәрізді мәңгілік. Тіл - халықтың мәңгілік халық болып қалуының айғағы. Тіл - өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің абыройы, ертеңгі күннің кепілі. Ата Заңда «Мемлекеттік тіл - қазақ тілі» деп анық та айқын жазылған.

XX ғасырдың басында ғұлама-ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлттың жоғалуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы - тіл, сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады», - деп еді. Әсіресе, жастар өкінішке орай, ана тіліне менсінбей қарауға әуес. Бүгін біздің ортада неге ана тілін білмейтіндер көбейді? Көшеде жүрген екі қазақтың бірі орыс тілінде сөйлейді, дүкенде де, қоғамдық орындарда жүрсек те көретініміз - сол. Жасы да, көрісі де тілін бұрап орыс тілінде сөйлеп жатқаны. Өз ана тілінде ойын жеткізуге не себептен үйренуге тырыспайтыны мен үшін түсініксіз. Осылай тізе берсең қазақ тілінің бүгінгі жайы, ақын тілімен айтқанда, «мың өліп, мың тірілген» қазақ ұлтының дәл өзі сияқты. Белгілі ғұлама Махмұд Қашқари «Тәрбие басы - тіл», - деп көрсетеді.

Жалпы, қай тәрбиенің де бастауы отбасынан басталатыны рас, патриоттық сезім де отбасынан қалыптасады. Тіл туралы айтылғандардың бәрі желге ұшып, қоқысқа айналмасын десе, әр қазақ өз шаңырағында ағарту ісімен айналысса нұр үстіне нұр болар еді.

Б. ҚАМЕТЖАНОВА,
Жаңалық ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

Абайдың шығармалары ақындық жолдағы ізденісін таныйты



Абай қазақтың әдебиетінде қайталанбас ұлы ойшыл, философ, ақын. Абай өз балалық кезін әжесі мен анасының жанында өткізген. Абай санасына қатысты бар шуақты қасиеттер мен ақындыққа деген ұмтылыс сезімі әжесі мен анасының әсерінен сіңген. Абай ауылдық молдадан білім алып, сауат ашып, кейіннен Семейге сауатты дамыту мақсатпен аттанды. Абай ақын медресе оқуында жүрген уақытында Шығыс поэзиясына қызықтанып, Шығыстың ақындары секілді өлеңдер жазуға талпынады. Сексенінші жылдар орталығында

Абай ақындық жолына бағыт бұрады. Абай өлең және шығармаларын үзіліссіз жазуға тырысты. Дегенмен, сонау кездердегі халықтың ішіндегі тартыстар ақындық өнермен айналысуы қиындатқаны. Абай ақындыққа бағыт бұрғанда өлеңдерін білім, өнер және мәдениетке бағыттады. Абай 1885 жылда «жасымда ғылым бар деп ескермедім» - деп атаған тұңғыш шығармасын жазды. Осы өлеңі тұңғыш Абайдың шығармасы болып, Абайдың ақындық жолдағы ізденісін танытты.

Абайдың қара сөздеріне қотталсам, әлемде еш зат өзі таңдаған мұратқа жеткілікті қайрат пен жігер жасамай жету қиын. Кейбіреулер ғылым және білімді ақыл - қайратсыз үйрену қиын. Абайдың шығармалары осындай мағыналарға толы болған. Абайдың қайратты қара сөздері оның сөзге деген өнерінің көркемдік күшін, даналығын көрсеткен прозалық шығармалар болып табылады. Абайдың қара сөздерінің жалпылық саны 45 бөлектен тұрады. Олар тақырып нысанынан бір ғана бағытта жазылмады, олар әр алуан болды. Абайдың 6 - 7 қара сөздері қысқалау болса, кейбіреулері тақырып және мағынасы жағынан ауқымды болды. Абай өз қарасөздерінде туындының көркіне ғана емес, сонымен бірге оның ауқымдығы мен мағынасына назар аударған. 1918 жылы Семейде жарық көрген «Абай» журналында Абайдың бірнеше қарасөздері жарық көрді.

Абай шығармашылығы тек қазақ халқының ғана мұрасы емес. Шетелдіктер қазақты Шығармашылы таниды, ақынның жырларын арқылы бағалайды. Оның жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттауға толы шығармалары бүкіл халықаралық қауымдастыққа жатады, әлемдік мәдениеттің бөлігі болып табылады. Ұлы Абайдың 175 жылдығын мерекелеу біздің еліміздің өлемде танылуына тың серпін беретініне сенімдімін. Абай есімі жаңа Қазақстанның брендіне айналуы керек, сондықтан оның шығармаларын біздің елден тыс жерлерде де кеңінен насихаттау қажет.

Күләйім ҚУАТОВА,
Молалы ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

Бірлесе көтерген жүк жеңіл



Әлем мемлекеттеріне ентелей еніп, жаһан жұртшылығын әбігерге салған коронавирус індеті елімізге де жетіп, барлығымызды алаңдатып отыр. Тарлан тарихтан адамзат баласының талай нәубатты бастан кешіріп, батпаңдап кіріп, қаншама адамды баудай қырған талай аса қастерлі індетпен күрескені белгілі. Бүгінде алпауыт мемлекеттермен бірге біз де жаңа індетпен бетпе-бет келіп отырмыз. Жаһандық ауқымда таралатын жаңа аурудың - пандемияның қазақша аудармасының өзі адамға қатаң сақтану керектігін ескертіп тұрғандай. Гректің «пандемос» деген сөзі қазақшаға аударғанда «барлық адамға тиесілі» дегенді білдіреді екен. Бұл кез - келген адамның ауруы ықтимал екенін көрсетіп тұрған жоқ па? Осындай қастерлі дерттің алдында дәрменіміз таусылып, бүкіл әлем мемлекеттері дертке дауа іздеп, ортақ мақсат аясында өзара ынтымақтастық әрекет етуде. Мемлекеттік деңгейде қабылданып жатқан шаралардың орындалуын қатаң бақылау, төтенше жағдайлардың енгізілуіне байланысты тәртіп пен санитарлық талаптарды сақтау аса маңызды. 13 наурыздан бастап спорттық мәдени-бұқаралық шаралардың

өтілуіне тыйым салынып, концерт, көрме, конференциялар кейінге қалдырылды. Оқушылардың көктемгі демалыстары ұзартылып, қашықтықтан оқытылуда. Студенттер онлайн режимінде білім алуда. Халықаралық мәдени және туристік іс-шаралар шегеріліп, шекарамыз жабылды. Адамдар көшеде бетпердесіз бейсауыт жүруге болмайтынын, бұл қауіпті індеттен оқшаулану арқылы ғана құтылуға болатынын шынайы сезініп жатыр.

Мемлекет Президенті Қ.Тоқаев халыққа арнаған үндеуінде барлық әлеуметтік топтарға, кәсіпкерлерге, ауыл шаруашылығы саласына көрсетілетін алуан түрлі көмек туралы жан - жақты айтып, жүзеге асыруды тапсырды. Жомарт жүрек меценаттар, кәсіпкерлер қарапайым халыққа қаржылай қолдау көрсетсе, әр деңгейдегі депутаттар, «Nur Otan» партиясының филиалдары, еріктілер тобы көмекке зәру отбасыларына көмек көрсетуде. «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді», - демекші бұның бәрі халық игілігі үшін, қиындықты бірлесе жеңіп, халықтың тұтастығын сақтау үшін жасалып жатқан шаралар. Сондықтан қазіргі алмағайып, сындарлы кезеңде барлығымыз сабырлылық пен төзімділік танытып, бей-жайлықтан арылып, барлық қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауымыз керек. Әр азамат өзінің және отбасының қауіпсіздігін сақтау арқылы мемлекетіміздің қауіпсіздігін сақтайтынын түсінгені абзал. Ұлт денсаулығы - мемлекеттің қауіпсіздігі. «Бірлесе көтерген жүк жеңіл», - дегендей қиындықты бірлесе еңсерейік. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, халқымыз тұтас болсын. Біз біргеміз!

Р. ИБРАИМОВА,
облыстық мәслихат депутаты,
«Шоңай батыр» БПҰ-ның төрайымы, Сықымов атындағы орта мектептің директоры.

Ұлы даланың қасиетті жерлері



Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасын ұсынып, жас ұрпақтың бойына сүйіспеншілік, патриоттық сезімді қалыптастыру керектігін атап өткені мәлім. Туған жерге сүйіспеншілік туған тарихыңды терең білуден басталатыны аян. Еліміздің әрбір тауы мен өзені, сайы мен қыры - тұнып тұрған тарих. Оған сай сол өлкеде халқына пана бола білген, ел есінде қалған біртуар перзенттер бар. Ал, олар жайында жас ұрпақтың білгені абзал. Сондықтан, білім беру саласын-

да өлкені тану жұмыстарын жүргізіп, тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру қажет. Елбасы ұсынған «Туған жер» бағдарламасының мәні - осында.

«Екі Отан жоқ, жалғыз Отан - мекенің», - деп жырлаған еді мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаев. Сол айтқандай, Танымыз жалғыз. Сол жалқы Отанның тарихы - өлке тарихынан бастау алады. Жас жеткіншектерді Отанды сүйуге, елжандылыққа баулуда ұлттық тарихты зерделеудің маңызы зор.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың адам бойындағы отаншылдық қасиет тарихқа деген қадір мен құрметтен бастау алатынын айтты: «Патриот болу - өз Отаныңды шын жүректен сүю, өзіңе және өз халқыңа сеніп, қоғамға қызмет ету. Өз тарихыңды білмей, нағыз патриот бола алмайсың». Елбасының бұл сөзі осы міндетті тереңдете түсетіні анық.

Зүлфия БАПЫШЕВА,
Көкезек ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

Ақсу ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және төртібінің айқындау туралы.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 97-бабының 5-тармағына, «Әлеуметтік тұрғындар қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мәлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары бекіту туралы» 2015 жылғы 9 сәуірдегі №319 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығына, сәйкес, Ақсу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙДЫ:**

1. Ақсу ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және төртібі қосымшаға сәйкес айқындалсын.
2. Ақсу ауданы мәслихатының "Ақсу ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және төртібін айқындау туралы" 2016 жылғы 22 тамыздағы №7 -29 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3957 тіркелген, 2016 жылдың 15 қыркүйектегі, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің аталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақсу аудандық мәслихатының «Бюджет, әлеуметтік-мәдениет салалары, жастар саясаты, заңдылық және құқық қорғау мәселелерін дамыту жөніндегі» тұрақты комиссиясына жүктелсін.
4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақсу аудандық мәслихат сессиясының төрағасы	Ақсу аудандық мәслихаттың хатшысы
	2020 жылғы « <u> </u> » Ақсу аудандық мәслихатының 2020 жылғы « <u> </u> » « <u> </u> » Ақсу ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және төртібін айқындау туралы» № <u> </u> шешіміне қосымша

АЗ ҚАМТЫЛҒАН ОТБАСЫЛАРҒА (АЗАМАТТАРҒА) ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН КӨРСЕТУДІҢ МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ ТӨРТІБІ

Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және төртібі "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 97-бабының 5-тармағына, «Әлеуметтік тұрғындар қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» 2009 жылғы 14 сәуірдегі №512 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығына сәйкес әзірленді және аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің және төртібін айқындайды.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және төртібінде келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:
 - 1) шекті жол берілетін шығыстар үлесі - телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы белгіінде отбасының (азаматтың) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісіне пайызбен қатынасы;
 - 2) отбасының (азаматтың) жиынтық табысы - тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсандағы отбасы (азамат) кірістерінің жалпы сомасы;
 - 3) кондоминиум объектiсiн басқару органы - кондоминиум объектiсiн басқару жөнiндегi функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;
 - 4) уәкiлеттi орган - тұрғын үй көмегiн тағайындауды жүзеге асыратын «Ақсу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
 - 5) кондоминиум объектiсiнiң ортақ мүлкін күтіп- ұстауға жұмсалатын шығыстар-үй-жайлардың (пәтерлердің) мекен иелерінің жалпы жиналыстық шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы кондоминиум объектiсiнiң ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер уәкесiн күтiп - ұстауға, коммуналдық қызметтердi тұтынуды есептеудің үйге ортақ аспаптарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және салыстыруға тексеруге, кондоминиум объектiсiнiң ортақ мүлкін күтіп- ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге, сондай-ақ кондоминиум объектiсiнiң ортақ мүлкін немесе оның жекелеген түрлерін болашақта жүргізілген күрделі жөндеуге ақша жинақтауға арналған шығыстарының мiндеттi сомасы;
 - 6) аз қамтылған отбасылар (азаматтар) -Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй көмегін алуға құқығы бар адамдар;
 - 7) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі-Мемлекеттік корпорация)-Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ, электрондық нысандар мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлік құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға.
2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Ақсу ауданында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):
 - 1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерді) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектiсiнiң ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды;
 - 2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының есуі белгіінде байланыс қызметтерін тұтынуына;
 - 3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы белгіінде кондоминиум объектiсiнiң ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға арналған шығыстарға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, шығыстарының жергілікті өкілді органдар белгіленген шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

3. Тұрғын үй көмегі аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға кондоминиум объектiсiнiң ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасына сәйкес жеткізушілер ұсынған кондоминиум объектiсiнiң ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу шоттары мен ай сайынғы жарналардың шоттары бойынша бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі. Ауданның жергілікті өкілді органдары тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және төртібін айқындайды.
- 3-1 Отбасы (азамат) (не нотариат куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе "электрондық үкімет" веб-порталына тоқсанына бір етпегі үлгіге құқылы.
- 3-2 Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап сегіз жұмыс күнін құрайды.
4. Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындаушы сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.
5. Белгіленген нормалар шегіндегі шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының жиынтық табысының он пайызы мөлшерінде белгіленді.

- Тұрғын үй көмегі:
 - 1) мүгедектерді және стационарлық емделуде бір айдан астам уақыт кезеңінде болатын адамдарды, күндізгі оқу нысанында оқитын оқушыларды, студенттерді, тыңдаушыларды, курсанттар мен магистранттарды, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектерді, сексен жаспан асқан адамдарды, үш жасқа дейінгі балаларды бағып-қутумен айналысатын азаматтарды қоспағанда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкiлеттi органдарда тіркелмеген жұмыссыздарға және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысудан жазбаша түрде бас тартқан Қазақстан Республикасының еңбекке жарамды азаматтарына;
 - 2) уәкiлеттi органдар ұсынған жұмысқа, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа орналастырудан, кесібі даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан дәлелсіз себептермен бас тартқан, осындай жұмыстарға қатысуды және оқуды өз бетінше тоқтатқан жұмыссыздарға тағайындалмайды.
- 2. ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН КӨРСЕТУДІҢ МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ ТӨРТІБІ**
 6. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін есептеу мерзімі өтініші мен қоса барлық қажетті құжаттарды өткізген жылдың тоқсаны болып саналады.

Жеке меншіктегі бір бірліктен артық тұрғын үй (пәтерлер, тұрғын үйлер) бар немесе тұрғын жайды жалға немесе пайдалануға беруші аз қамтылған отбасылар (азаматтар) тұрғын үй көмегін алу құқығын жоғалтады.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін азамат (отбасы) халыққа қызмет көрсету орталығына немесе порталға жүгінуді және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 бұйрығымен бекітілген «Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарының (бұдан әрі - Стандарт) 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады.

8. Өтініштер Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген мерзімдерде қаралады.

9. Тұрғын үй көмегін алушылар он жұмыс күні ішінде уәкiлеттi органды тұрғын үй көмегін алу құқығына немесе оның мөлшеріне есер ететін мән-жайлар туралы хабардар етеді.

Өтініш беруші тұрғын үй көмегін алу құқығына және оның мөлшеріне есер ететін мән-жайлар туралы уақытылы хабарламаған жағдайда, қайта есептеу келесі тоқсанда жүргізіледі (анықталған фактісі бойынша).

Артық төленген сомалар ерікті түрде, ал бас тартылған жағдайда сот төртібімен қайтарылуы тиіс.

10. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу төртібі Бұйрықтың негізінде есептеледі.

11. Өтемақы төлемдерімен қамтамасыз етілетін тұрғын үйлер аумағының нормалары заңнамамен белгіленген отбасының әр мүшесіне тұрғын үй беру нормаларына баламалы.

12. Коммуналдық қызметті тұтыну нормалары табиғи монополияларды (монополистік қызметті) реттеу бойынша аумақтық уәкiлеттi орган қолданып, олармен көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды) белгілеген кездегі коммуналдық қызметтерді босату нормаларына баламалы.

13. Коммуналдық қызметтерді тұтыну төлемінің тарифтерін қызмет көрсету мекемелері ұсынады.

14. Тұрғын үй көмегін тағайындағанда келесі нормалар ескеріледі коммуналдық қызметтерді нормалардан төмен тұтыну кезінде нақты шығындар бойынша есептеледі):

 - 1) тағам дайындау үшін отбасына 1 айға тұтынатын сұйық газ - 10 килограмм (1 кішкене баллон);
 - 2) электр энергиясын тұтыну: 1 адамға - бір айға 70 киловатт, 2 адамға - 140 киловатт, 3 адамға - 150 киловатт, 4 және одан көп адамнан тұратын отбасына - бір айға 210 киловатт;
 - 3) үйді жылытуға қатты отын жылына - 5 тонна көмір;
 - 4) сумен қамтамасыз ету нормасын - әр отбасы мүшесіне, есептеу құралдары болған жағдайды - көрсеткіштері бойынша, бірақ қолданыстағы нормалардан аспауы керек;
 - 5) тұрғын үйді (тұрғын үй ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған нысаналы жарнаның мөлшері туралы шоты;
 15. Қатты отынның құнын есептегенде аймақта өткен тоқсанда қалыптасқан орташа баға ескеріледі.

16. Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттар қабылданған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

17. Стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

18. "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы өтініш жасаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуге сұрау салуының қабылдағаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, хабарлана жіберіледі.

19. Мемлекеттік корпорация өтінішті ақпараттық жүйе арқылы қабылдайды және оны тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкiлеттi органды жібереді.

20. Уәкiлеттi орган отбасы (азамат) (не нотариат куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс емес екенін анықтау негізінде тұрғын үй көмегін беруден бас тартыды және өтініш берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге "электрондық үкімет" веб-порталы не Мемлекеттік корпорация арқылы дәлелді және бас тартуды жібереді.

21. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы шешімді не қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкiлеттi орган қабылдайды. Тағайындау туралы хабарлама не тағайындаудан бас тарту туралы дәлелді жауап Мемлекеттік корпорацияға немесе электрондық құжат ретінде "жеке кабинетке" жіберіледі

- 3. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ**
 22. Тұрғын үй көмегін төлеуді қаржыландыру аудан бюджетімен тиісті қаржылық жылға қарастырылған қаражат шегінде жүзеге асырылады.
 23. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді уәкiлеттi орган екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асырылады.

4. ҚОРЫТЫНДЫ

24. Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және төртібімен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

РЕШЕНИЕ АКСУСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

ПРОЕКТ

Об определении размера и порядка оказания жилищной помощи малообеспеченным семьям (гражданам) Аксуского района

В соответствии с 5 статьи 97 Закона Республики Казахстан от 16 апреля 1997 года «О жилищных отношениях», постановлением Правительства Республики Казахстан от 14 апреля 2009 года № 512 «О некоторых вопросах компенсации повышения тарифов абонентской платы за оказание услуг телекоммуникаций социально защищаемым гражданам», постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2009 года № 2314 «Об утверждении Правил предоставления жилищной помощи», приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 9 апреля 2015 года № 319 «Об утверждении стандартов государственных услуг в сфере жилищно-коммунального хозяйства, маслихат Аксуского района РЕШИЛ:

1. Определить размер и порядок оказания жилищной помощи малообеспеченным семьям (гражданам) Аксуского района приложении к настоящему решению.
2. Признать утратившим силу решение Аксуского районного маслихата «Об утверждении размера и порядка оказания жилищной помощи малообеспеченным семьям (гражданам) Аксуского района» от 22 августа 2016 года № 7-29 (зарегистрированного в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов №3957, опубликован 15 сентября 2016 года в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан).
3. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на постоянную комиссию Аксуского районного маслихата «По вопросам развития бюджета и социально-культурной отрасли, молодежной политики, защиты прав и законности»
4. Настоящее решение вступает в силу со дня государственной регистрации в органах юстиции и вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель сессии маслихата Аксуского районного	Секретарь маслихата Аксуского районного
